



«БЕКІТЕМІН»

Басқарма мүшесі – Ғылым және
коммерцияландыру жөніндегі
проректоры

КеАК «Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті»

Ж.Д. Құрманғалиева

«27» 11 2025 ж.

ЖУРНАЛДЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ «Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ. БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ СЕРИЯСЫ»

1. Жалпы ережелер

1.1. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Биология ғылымдары сериясы (бұдан әрі Журнал) – биология ғылымдары саласындағы жоғары сапалы мұқият іріктеліп алынған түпнұсқалы мақалаларды басып шығаруға маманданған рецензияланатын ғылыми журнал.

1.2. Журнал 1995 жылдан шығарылады. Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. Тіркеу туралы куәлік № KZ11VPY00031938 02.02.2021 ж.

1.3. Стандартты сериялық нөмірлердің халықаралық орталығы журналға келесі индексті тағайындады: баспа нұсқасы ISSN (Print) 2616-7034, электрондық нұсқасы ISSN (Online) 2663-130X.

1.4. Журнал үш айда бір рет, жылына 4 рет шығады.

1.5. Журналдың сайты <https://bulbio.enu.kz>

1.6. Журналдың негізін қалаушы және шығарушы «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Сәтбаев көшесі 2, Астана, Қазақстан, 010000.

1.7. Редакциялық саясатқа өзгертулер мен толықтырулар Редакциялық алқаның шешімімен енгізіледі.

2. Журналдың мақсаты мен міндеттері

2.1. Журнал редакциясы жұмысының негізгі мақсаты:

- биология ғылымдарының әртүрлі салаларындағы аяқталған түпнұсқалы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялау;

2.2. Журнал қазақстандық ғылыми ақпараттық жүйенің бір бөлігі ретінде материалдарды жариялау арқылы келесі міндеттерді шешуге қатысады:

- биологияның әртүрлі салаларындағы теориялық және эксперименттік зерттеулердің нәтижелері мен білікті пікір алмасу үшін ақпараттық алаң ретінде қызмет ету;

- осы зерттеулерге Қазақстанның жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары, докторанттары мен оқытушыларын - және ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлерін кеңінен тарту мақсатында биология ғылымының ең перспективті бағыттары бойынша материалдарды жариялау;

- ұлттық және халықаралық деңгейде жаңа білім мен зерттеу нәтижелерін кеңінен таратуды қамтамасыз ету;

- Қазақстандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің дамуына зор үлес қосу;
- Қазақстанның биология ғылымының әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануына жәрдемдесу (соның ішінде ғылымметриялық деректер базасына енгізу арқылы);
- қазіргі биология ғылымының соңғы жетістіктерін тәжірибеде жүзеге асыруға ықпал ету;
- журналдың қолжетімді ғылыми басылым (Open access) ретінде дамуына ықпал ету;
- шетелдік оқырмандар үшін журналдың қолжетімділігін арттыруға жәрдемдесу – ағылшын тілінде (Abstract) зерттеудің мәні туралы кеңейтілген қысқаша мазмұнын жариялау, түйін сөздер (Keywords) және латын әліпбиіндегі әдебиеттер тізімін қайталап жазу (References).

3. Журналдың бағыттары мен мерзімділігі

3.1. Журнал қазіргі заманғы биологияның әртүрлі салаларындағы аяқталған түпнұсқалық зерттеулер мен шолу мақалаларының нәтижелерін жариялайды.

3.2. Тақырыптық бағыты: биохимия, молекулалық биология, биотехнология, биоинформатика, вирусология, биофизика, биоинженерия, физиология, ботаника, зоология, эволюциялық биология, генетика, микробиология, биомедицина.

3.3. Басылымның жариялану жиілігі – жылына 4 рет шығады.

4. Ашық қолжетімділік саясаты

Журнал келесі принципке негізделіп, мазмұнына ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді: зерттеу нәтижелеріне еркін ашық қолжетімділік жалпы білімнің артуына ықпал етеді. Журналдың ресми сайты барлық мүдделі тұлғалар мен авторларды ғылыми журнал және мақалаларды жариялау шарттары туралы қажетті ақпаратпен (<https://bulbio.enu.kz> мақалалар мұрағатына сілтеме) қамтамасыз етеді.

5. Мұрағаттау

Ғылыми журналдың электронды нұсқаларының жинағын қалыптастыру және электронды кітапханаға қосу үшін «ҰМҒТСО» АҚ-на беріледі. Журнал материалдарды Elibrary.ru сайтында мұрағаттайды.

6. Мақалаларды жариялау шарттары

Редакция авторлардан ережелерді (журнал туралы жалпы ақпаратты қамтитын журналдың редакциялық саясаты, мақалаларды рецензиялау тәртібі, авторларға ұсыныстар, жарияланым этикасы) мұқият оқып шығуды және журналға мақала жіберу кезінде, оларды сақтауды сұрайды.

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Биология ғылымдары сериясы» журналы заманауи биологияның әртүрлі салаларындағы аяқталған түпнұсқалық зерттеулердің нәтижелерін, теориялық және шолу мақалаларын жариялайды. Журнал редакциялық алқаның тапсырысы бойынша (немесе авторлар ұсынған және редакциялық алқа мақұлдаған) биология және биомедициналық ғылымдардың ең өзекті мәселелерін қамтитын шолу мақалаларын жариялайды. Шолу мақалаларының авторларында ұсынылған тақырып бойынша жарияланған еңбектері болуы шарт. Әдебиеттер тізімінде берілген тақырып бойынша соңғы 5-10 жылда жарияланған еңбектер енгізілуі керек.

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Биология ғылымдары сериясы» журналының редакциясына келіп түскен барлық материалдар қолжазбалары міндетті түрде екі жақты «соқыр» тексеруден өтеді. Алынған рецензиялар негізінде журналдың редакциялық алқасы соңғы шешімді қабылдайды.

Барлық мақалалар үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады, олар бұрын баспа және/немесе электронды түрде жарияланбауы керек.

Редакцияға мақаланың түскен күні, соңғы нұсқасын қабылдаған күн болып саналады. Редакция мақаланың мәтініне мағынасын бұзбайтындай редакциялық өзгерістерді енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Шетелдік авторлардың мақалалары, сондай-ақ ағылшын тіліндегі мақалалар журналдың әрбір нөміріндегі жарияланымдар санының кемінде 1/3 (үштен бір) бөлігін құрайды немесе шетелдік автордың қазақстандық авторлармен бірлеспеген ағылшын тіліндегі 1 (бір) мақаласы есепке алынады.

Баспаға қатысы жоқ авторлардың ғылыми мақалалары журналдың әрбір нөміріндегі жарияланымдар санының кемінде 50%-ын (елу пайызын) құрайды.

Журналдың бір нөмірінде автор **бір мақаладан артық (соның ішінде бірлескен авторлықты да қоса алғанда) жариялай алмайды.**

Плагиатқа қарсы жүйе арқылы тексерілгеннен кейін, кемінде 70% түпнұсқалығы бар қолжазбалар ғана рецензиялауға жіберіледі.

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Биология ғылымдары сериясына» мақаланы дайындау кезінде ғылыми мақаланың құрылымын қатаң сақтау және рәсімдеу ережелерін басшылыққа алу қажет.

Мақаланы рәсімдеу параметрлері: бет – А4, бағдары – кітапша, туралауы тең, барлық жағынан шеттер – 20 мм. Шрифт: Times New Roman, өлшемі – 14, жол аралығы – 1, абзац – 1,0 см. Мақала 20 беттен аспауы керек.

Мақалаларды жариялау туралы шешімді журналдың редакциялық алқасы, ұсынылған материалдардың ғылыми маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, рецензиялаудан кейін қабылдайды. Редакция қабылдамаған мақалалар қайта қаралмайды және қабылданбайды.

Мақалалар жұмыс жүргізілген ғылыми мекеменің жолдамасымен бірге жіберілуі тиіс.

Ғылыми мақаланың құрылымы:

Ғылыми мақаланың құрылымына IMRAD (түпнұсқалы мақалалар үшін), тақырып, аңдатпа, түйін сөздер, кіріспе, материалдар мен әдістер, нәтижелер, талқылау, қорытынды, қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса) және әдебиеттер тізімі кіреді.

- ХҒТАР
- Мақаланың түрі
- Автор(лар)дың толық аты-жөні (ORCID белгісін қою)
- Автор(лар)дың жұмыс орны, қаласы, мемлекеті, электрондық поштасы
- Аңдатпа
- Түйін сөздер
- Кіріспе
- Материалдар мен зерттеу әдістері
- Нәтижелер
- Талқылау
- Қорытынды
- Авторлардың үлестері
- Қаржыландыру туралы ақпарат
- Мүдделер қақтығысы
- Этикалық нормаларды сақтау
- Әдебиеттер тізімі
- Авторлар туралы мәліметтер.

Әрбір автор төменде көрсетілгендей жоғары регистрге қойылатын сан арқылы өз ұйымымен байланыстырылады:

XFTAP 06.81.23

Мақаланың түрі: ғылыми мақала

Ауыр металдардың микроорганизмдердің өсуіне әсері

Г.М. Оспанов*¹, Б.С. Ахметова²

¹ Биология институты, Астана, Қазақстан

² Биология университеті, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: ¹ospanov396@gmail.com, ²sbibi@gmail.com)

* Корреспондент автор: ¹ospanov396@gmail.com

Докторанттарға ғылыми жетекшісі рецензия берген жағдайда ғана жалғыз автор болып мақаланы жариялауға рұқсат етіледі.


Магистранттар мен докторанттардың жұмыстары ғылым докторы немесе кандидаты, сондай-ақ PhD докторымен бірлесіп жазған жағдайда ғана жариялануы мүмкін.

Мақаланы рәсімдеу тәртібі

Тақырыптар бойынша XFTAP (Халықаралық ғылыми-техникалық ақпараттың рубрикаторы) <http://www.grati.ru> сайтынан анықтауға болады. Мақаланың сол жақ жоғары жағында орналасады, шрифт өлшемі – 14. Стильдеу файлы журналдың <https://bulbio.enu.kz/> сайтынан жүктеп алуға болады.

Мақаланың түрі XFTAP (шолу немесе ғылыми мақала) астында бірден көрсетіледі.

Мақаланың тақырыбы XFTAP-дан кейін бір жол тастап ортада орналасады, шрифті қою қара, түзу, өлшемі – 14.

Автор(лар). Автор(лар)дың бас әріптері мен тегі, ортада орналасады, шрифті қою қара, өлшемі – 14. Міндетті түрде ORCID () белгісін қою керек.

Автор(лар)дың жұмыс орны, қаласы, мемлекеті, электрондық поштасы. Ұйымның толық атауы (қысқартуларға жол берілмейді), қаласы, мемлекеті (егер авторлар әртүрлі ұйымдарда жұмыс істейтін болса, автордың тегі мен сәйкес ұйымның қасына бірдей белгі қою қажет); автор(лар)дың E-mail – жақшада, курсивпен (* – хат алмасу үшін автор көрсетіледі). Ортасына туралау, шрифт өлшемі – 14, курсив.

Аңдатпа (Аннотация/Abstract) 250 сөзден аспауы шарт және бір абзацта болуы керек. Аңдатпа мақаланың ерекшеліктерін көрсететін және мақала құрылымын сақтай отырып, жұмыстың негізгі нәтижелерін және олардан туындайтын қорытындыларды қысқа және нақты сипаттайтын мақаланың қысқаша мазмұны болуы керек. Туралау – ені бойынша, қаріп өлшемі – 14.

Түйін сөздер (Ключевые слова/Key words) 5-7 сөзді және/немесе сөз тіркесін қамтиды, мақаланың негізгі мазмұнын көрсетуі және мақала мәтінінде кездесетін зерттеудің саласын анықтауы керек. Түйін сөздер бір-бірінен үтір арқылы бөлінеді, соңында нүкте қойылмайды. Туралау – ені бойынша, қаріп өлшемі – 14.

Әрбір мақалға DOI қойылады

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-1-x-x>

Түсті: 09.04.2024. Қабылданды: 20.05.2024. Онлайн қол жетімді: 30.09.2024


Мақаланың негізгі бөлімі IMRAD құрылымына сәйкес келесі бөлімдерден тұрады: (кіріспе (мақсат пен міндеттерді қою, тарихы), зерттеу әдістері, талқылаулар/нәтижелер, қорытынды), (абзацтан қою қара шрифтпен жазылады):

Кіріспе. Бұл бөлімде берілген жұмысқа ұқсас немесе жақын зерттеулер міндетті түрде қарастырылып, мәселенің тарихы қысқаша баяндалады және зерттеу мақсаты тұжырымдалады.

Зерттеу материалдары мен әдістерін ұсынудың негізгі талабы, процедуралар мүмкіндігінше қысқаша сипатталуы тиіс, бірақ сипаттама бойынша тәжірибелерді қайталап жасау мүмкін болуы керек. Тек жаңа әдістер егжей-тегжейлі сипатталады; бұрын жарияланған және белгілі әдебиеттер үшін авторды және/немесе әдіс атауын көрсете отырып, әдебиеттер тізімінде оларға сілтеме жасау жеткілікті. Эксперименттік мақалаларда статистикалық өңдеу әдістері болуы керек.

Нәтижелерде алынған эксперименттік мәліметтердің қысқаша сипаттамасы болуы керек (кестелер мен суреттер тікелей мақала мәтінде орналасады, араб цифрларымен реттілігі бойынша нөмірленіп, тақырыбы жазылады және мәтінде оларға сілтеме жасалады). Суреттер мен графиктер стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы керек: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Нүктелік суреттер 600 dpi кескінімен орындалуы қажет. Суреттерде барлық мәліметтер, белгілер нақты, айқын көрсетілуі керек. Бұл бөлім нәтижелерді талқылауды қамтымауы тиіс, сипатталған эксперименттер арасындағы себеп-салдар байланысын түсіндіру жеткілікті.

Барлық суреттер мен кестелер негізгі мәтінде Сурет 1, Кесте 1 және т.б. ретінде көрсетілуі керек. Мысалы:



Сурет 1. Бұл сурет. Диаграммалардың форматы бірдей. Егер панельдер саны бірнеше болса, төмендегідей тізімдеу керек: а) Бірінші панельде не бар екенін сипаттау; б) Екінші панельде не бар екенін сипаттау. Суреттер негізгі мәтінде бірінші рет айтылған жерге жақын орналасуы тиіс. Суреттегі сипаттама мақала тілінде болуы қажет.

Кестелер негізгі мәтінде бірінші рет айтылған жерге жақын орналасуы қажет. Мысалы:

Кесте 1

Крахмалдың физика-химиялық сипаттамасы [14]

	Катран Кочи	Шығыс Свербига	Ақтүйнек
Амилоза, %	18,5±0,8	26,5±1,4	22,3±2,5
Амилопектин, %	81,5±2,9	73,5±3,0	77,7±5,4
АМ/АП қатынасы	0,23±0,04	0,36±0,02	0,29±0,03
Күлі, %	0,31±0,01	0,25±0,04	0,28±0,03
Ақуыздың массалық үлесі, %	0,18±0,001	0,29±0,0009	0,22±0,002
Майдың массалық үлесі, %	0,1±0,005	0,12±0,004	0,07±,001

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [14]

Талқылау нәтижелерді түсіндіруді (бірақ қайталауды емес) және бұрын жарияланған деректермен салыстыруды қамтуы керек. Бөлімнің соңында мақаланың кіріспе бөлігінде қойылған сұраққа жауапты қамтитын негізгі қорытындыны тұжырымдау ұсынылады.

Қажет болған жағдайда қолжазба **қорытындымен** аяқталады.

Авторлардың үлесі. Жұмысқа және қолжазбаны дайындауға әрбір автордың (аты-жөні инициалдар түрінде) қосқан үлесі сипатталуы керек («Авторлардың үлестері» бөлімі). Мысалы: А.Б. – жұмыстың тұжырымдамасы және оны басқару; В.Г. – эксперименттер жүргізу; В.Д. – зерттеу нәтижелерін талқылау; Е.Ж. – мәтінін жазу; А.Б. және Е.Ж. – мақала мәтінін өңдеу.

Қаржыландыру. Егер зерттеу жұмысы қандай да бір ұйымның қолдауымен жүргізілсе, «Қаржыландыру» бөлімінде қолдау көрсеткен қор мен гранттың нөмірін көрсетіп жазу керек.

Алғыстар бөлімінде авторлардың тілегі бойынша жұмысты орындауға және мақаланы дайындауға көмек көрсету туралы ақпарат беріледі.

Мүдделер қақтығысы бөлімінде авторлар қаржылық немесе басқа салада мүдделер қақтығысының бар немесе жоқтығын мәлімдейді. Бұл бөлім міндетті болып табылады.

Этикалық нормаларды сақтау бөлімі де міндетті болып табылады. Егер зерттеулер жануарларға жүргізілген болса, онда бұл бөлімде: «Жануарларға жүргізілген зерттеулерде барлық рәсімдер мекеменің этикалық нормаларына, сонымен қатар ҚР және халықаралық ұйымдардың бекітілген нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келеді» деп көрсетіледі. Егер зерттеулерге адамдар қатысқан болса, «Этикалық нормаларды сақтау» бөлімінде: «Адамдардың қатысуымен жүргізілген зерттеулердегі орындалған барлық рәсімдер ұлттық зерттеу этика комитетінің этикалық стандарттарына және 1964 жылғы Хельсинки декларациясына және кейінгі түзетулеріне немесе салыстырмалы этикалық стандарттарға сәйкес жасалды. Зерттеуге қатыстырылған әрбір адамнан ерікті келісім хат алынды» деп жазылады. Мақаладағы зерттеулерде адамдар немесе жануарлар пайдаланылмаса, «Этикалық нормаларды сақтау» бөлімінде: «Авторлар орындаған бұл мақалада адамдарды немесе жануарларды объектілер ретінде пайдаланған зерттеулер жоқ» деп жазылады.

Әдебиеттер тізімі. Баспаға жариялауға ұсынылған барлық мақалалар, жарияланымдар және материалдар журнал талаптарына сәйкес әдебиеттер тізімімен (Vancouver style) рәсімделген болуы керек.

Әдебиеттер тізімі кемінде 30 әдебиетті қамтуы керек және осы мәселе бойынша барлық маңызды соңғы жарияланымдарға сілтемелер болуы тиіс. Әдебиеттер тізімі мәтіндегі сілтемелер ретімен нөмірленеді. Әдебиеттер тізімінде мақала мәтінінде сілтеме жасалған дереккөздер ғана болуы қажет. Тыныс белгілер, бос орындар, бас және кіші әріптердің орналасу ережелері сақталуы тиіс. Сілтеме нөмірлер шаршы жақшаға [] алынуы керек; мысалы, [1], [3-6] немесе [1,3]. Нәтижелері жарияланбаған корректурадағы мақалаларға сілтемелер қабылданбайды. EndNote, Reference Manager немесе Zotero жүйесін қолданатын авторлар үшін Ванкувер стилін пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар, мақаланың DOI-ін көрсету керек. DOI көрсетілгеннен кейін соңында нүкте қойылмайды.

Төменде ғылыми журналдарға, монографияларға, жинақтарға, диссертацияларға және электрондық ресурстарға (бағдарламаларға/деректер базаларына) сілтемелерді рәсімдеудің мысалдары келтірілген:

1. Smith J. Biochemistry of Fish. 2nd ed. Oxford: Oxford University Press; 2020. – **Кітаптар, бір автор.**

2. Brown K, White P, Green R. Advanced Drug Discovery: Methods and Applications. London: Springer; 2018. – **Кітаптар, бірнеше авторлар.**
3. Jones M. Enzyme kinetics in drug metabolism. In: Black P, editor. Handbook of Pharmacokinetics. New York: Academic Press; 2015. p. 45-67. doi.org/10xxxxxxxxxxxxxx – **Кітаптар, кітаптағы тарау.**
4. Johnson TR. The role of protein interactions in neuropharmacology. J Neurochem. 2021;150(4):245-56. doi.org/10xxxxxxxxxxxxxx – **Журналдардағы мақалалар, бір автор.**
5. Lee A, Kim B, Patel R. Novel insights into blood-brain barrier permeability. Pharmacol Res. 2019;135:30-41. doi.org/10xxxxxxxxxxxxxx – **Журналдардағы мақалалар, бірнеше авторлар.**
6. Wong J, Smith L, Cooper R, et al. Macromolecular transport across cellular membranes. Mol Biol Cell. 2020;31(5):1123-35. doi.org/10xxxxxxxxxxxxxx – **Журналдардағы мақалалар, алты немесе одан да көп авторлар (үштен кейін “et al.” деп көрсетеміз).**
7. World Health Organization. Global health estimates 2023 [Internet]. Geneva: WHO; 2023 [cited 2025 Feb 10]. Available from: <https://www.who.int/gho> – **Электрондық дереккөздер, сайт.**
8. Müller T. Biochemical pathways in neurodegenerative diseases [dissertation]. Munich: Ludwig Maximilian University; 2017. – **Диссертация.**

Мақаланың негізгі мәтіні және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен кейін орыс және ағылшын тілдерінде аңдатпа (егер мақала қазақ тілінде болса, онда аңдатпа орыс және ағылшын тілдерінде; мақала ағылшын тілінде болса, аңдатпа қазақ және орыс тілдерінде) беріледі, бұл мақала тақырыбының түпнұсқалы аудармасы болып табылады, ағылшын транскрипциясында авторлардың инициалдары мен тегі, индекстері бар мекеме атаулары, қаласы мен мемлекет атаулары, аңдатпа мәтіні және түйін сөздері жазылады. Мысалы:

Влияние тяжелых металлов на рост микроорганизмов

Г.М. Оспанов*¹, Б.С. Ахметова²

¹ *Института биологии, Астана, Казахстан*

² *Университет биологии, Шымкент, Казахстан*

Аннотация должна содержать не более 250 слов и быть изложена в одном абзаце. Аннотация должна представлять собой краткое изложение статьи, отражающее ее особенности и сохраняющее структуру статьи, сжато и ясно описывающим основные конкретные результаты работы и вытекающие из них выводы. Выравнивание – по ширине, кегль – 14.

Ключевые слова: 5-7 слов или словосочетаний

Effect of heavy metals on microorganism growth

G.M. Ospanov*¹, B.S. Akhmetova²

¹ *Biology institutes, Astana, Kazakhstan*

² *Biology University, Shymkent, Kazakhstan*

Abstract. It should contain no more than 250 words and be presented in one paragraph. The abstract should be a summary of the article, reflecting its features and preserving the structure of the article, concisely and describing the main specific results of the work and the conclusions arising from them — alignment - by width, font size - 14.

Keywords: 5-7 words or phrases

Транслитерациядағы әдебиеттер тізімі. Әдебиеттер тізіміне кириллицада берілген жұмыстар кірсе, әдебиеттер тізімі екі нұсқада: біріншісі – түпнұсқада, екіншісі –

римдік алфавитте (транслитерация) ұсынылуы қажет. Бұл бөлім міндетті болып табылады. Орыс мәтінін латын тіліне транслитерациялау үшін www.translit.net тегін онлайн бағдарламасын пайдалануға болады. Бұл онлайн платформа қазақ әліпбиінің жеке әріптерін транслитерацияламайды. Авторлар мұнда қазақша мәтінді транслитерациялаудан кейін, келесі ережелерге сәйкес түзетулер енгізуі керек:

ә	ғ	ң	ө	Ү	Ұ	қ	і
a	g	n	o	y	u	k	i

Мысалы:

References

1. Ahmetzhanova SB. Vysshee obrazovanie v Kazahstane: problemy i perspektivy razvitiya [Higher education in Kazakhstan: problems and development prospects]. *BULLETIN of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Chemistry. Geography. Ecology Series*. 2016;(5):10-18. doi.org/10xxxxxxx [in Russian] – **Мақала тақырыбының ресми аудармасы және журнал тақырыбының ресми аудармасы болмаған жағдайда**
2. Tokaev K-Z. Ezhegodnaja avgustovskaja konferencija s uchastiem glavy gosudarstva [Annual August conference with the participation of the head of state]. *Zakon.kz* [Internet]. 2019 Aug 16 [cited 2023 Jul 25]. Available from: <https://www.zakon.kz/redaktsiia-zakonkz/4981834-polnyy-tekst-vystupleniya-tokaeva-na.html> [in Russian] – **Мақала атауының ресми аудармасы болмаған жағдайда**
3. Cinidu M, Gerojannis V, Ficilis P. Ocenka faktorov, opredeljajushhih kachestvo vysshego obrazovaniya: jempiricheskoe issledovanie [Assessing the factors determining the quality of higher education: an empirical study]. *Obespechenie kachestva v obrazovanii* [Quality Assurance in Education]. 2010;18(3):227-44. doi.org/10xxxxxxx [in Russian] – **Мақаланың атауы мен журнал атауының ресми аудармасы болмаған жағдайда**
4. Grekov B. *Istorija i kino. Sovetskij istoricheskij fil'm* [History and cinema. Soviet historical film]. Moscow: Goskinoizdat; 1939. [in Russian] - **Кітап атауының ресми аудармасы болмаған жағдайда**
5. Timiryazev KA, *The Life of a Plant*. Moscow: Izd. A.L. Vasilyeva. 1936. [in Russian] – **Тақырыптың ресми аудармасы болса**
6. Romashova MV. Iskljuchenie iz pravil: sovetskie detskie doma v poslevoennoe desjatiletie [An exception to the rule: Soviet orphanages in the post-war decade]. In: *Astafevskie chteniya: konferencija «Vremja veselogo soldata»: cennosti poslevoennogo obshhestva i ih osmyslenie v sovremennoj Rossii* [Astafyev Readings: Conference "Time of the Merry Soldier": Values of Post-War Society and Their Understanding in Contemporary Russia]. Perm'; 2009. p. 108-16. doi.org/10xxxxxxx [in Russian] – **Мақала тақырыбының ресми аудармасы және конференция атауының ресми аудармасы болмаған жағдайда**
7. Romashova MV. *Sovetskoe detstvo v 1945-seredine 1950-h gg.: Osobyje proekty i provincial'nye praktiki: na materialah Molotovskoj oblasti* [Soviet childhood in 1945-mid-1950s: Special projects and provincial practices: based on materials from the Molotov region]. [dissertation]. Perm'; 2006. [in Russian] – **Диссертация тақырыбының ресми аудармасы болмаған жағдайда**

Кейіннен 3 тілде «авторлар туралы ақпарат» беріледі. «Авторлар туралы ақпарат» бөлімінде барлық ақпарат – толық аты-жөні – хат алмасу авторы, ғылыми дәрежесі, мамандығы, лауазымы, ұйымы, мекенжайы, пошта индексі, қаласы, мемлекеті – көрсетіледі.

Мысалы:

Авторлар туралы мәліметтер:

Оспанов Ғалымжан Маратұлы – хат-хабар авторы, биология ғылымдарының кандидаты, доцент, өсімдік биотехнология зертханасының аға ғылыми қызметкері, биотехнология институты, Қорғалжын тасжолы, 53/8, 010000, Астана, Қазақстан.

Ахметова Бибігүл Сакенқызы – биология ғылымдарының кандидаты, профессор, биология институты, Желтоқсан көшесі, 215, 160000, Шымкент, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Оспанов Ғалымжан Маратович – автор-корреспондент, кандидат биологических наук, доцент, старший научный сотрудник лаборатории биотехнологии растений Института биологии, Коргалжынское шоссе, 53/8, 010000, Астана, Казахстан.

Ахметова Бибгүль Сакеновна – кандидат биологических наук, профессор, Университет биологии, ул. Желтоқсан, 215, 160000, Шымкент, Казахстан.

Authors' information:

Ospanov Galymzhan – Corresponding author, Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Senior Researcher of the Laboratory of Plant Biotechnology of the Institute of Biology, Korgalzhynskoe Shosse, 53/8, 010000, Astana, Kazakhstan.

Ahmetova Bibgul – candidate of biological sciences, professor, University of Biology, 215 Zheltoksan Str, 160000, Shymkent, Kazakhstan.

7. Мақаланы жариялаудан бас тарту себептері

- 7.1 Журналдың тақырыптық бағытына сәйкес келмеуі;
- 7.2 Журналдың техникалық талаптарына сәйкес келмеуі;
- 7.3 Мақала плагиатқа қарсы тексеруден өтпеді;
- 7.4 Антиплагиат жүйесінде тексеру нәтижесінде генерацияланған мәтіннің анықталуы;
- 7.5 Автордың рецензенттер ұсынған түзетулерін уақытылы енгізбеуі;
- 7.6. Мақалаға екі теріс рецензия болған жағдайда.

8. Авторлық құқық

Осы журналда өз мақалаларын жариялайтын авторлар төмендегілермен келіседі: Авторлар жұмыстың авторлық құқығын сақтайды және журналға Creative Commons Attribution License шарттарына сәйкес туындыны бірінші болып жариялау құқығын береді, бұл басқаларға жұмыстың түпнұсқалы авторларына және журналдағы түпнұсқалы жарияланымға тиісті сілтемені сақтау шартымен, жұмысты таратуға мүмкіндік береді. Авторлар жұмыстың мұнда жарияланған эксклюзивті емес нұсқасын таратуға (мысалы, университет деректер қоймасында сақтау, кітапқа басып шығару) осы Журналдағы бастапқы жарияланымна сілтеме жасай отырып, бөлек келісімшарттық келісімдер жасау құқығын өзіне қалдырады. Авторлар өз жұмыстарын журналдың мақаланы қарастыру алдында және қарастыру барысында желіде жариялауға (мысалы, университет деректер қоймасында немесе жеке сайтта) құқылы, себебі бұл жұмыстың нәтижелі талқылануына және көбірек сілтемелерге әкелуі мүмкін (The Effect of Open Access қарау).

9. Құпиялылық

Осы журналдың сайтында енгізілген атаулар мен электрондық пошта мекенжайлары тек осы журнал белгілеген мақсаттар үшін пайдаланылады және басқа мақсатта пайдаланылмайды немесе басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға берілмейді.

10. Рецензиялау тәртібі

Автор ұсынған қолжазба журналдың редакциялық алқасына жіберіледі (қолжазбаның екі нұсқасы, оның біреуінде авторлар туралы мәліметтер (аты-жөні, жұмыс

орны, авторлар туралы мәліметтер) болмауы керек). Қолжазбамен бірге автор(лар) журналдың редакциясына жіберілген қолжазбаның автономдылығы туралы ілеспе хатты (ілеспе хат үлгісін қараңыз), мақаланы плагиатқа тексеруге, әртүрлі дереккөздерге және ақпараттық жүйелерге енгізуге, оның ішінде толық мәтінді нұсқаларын жариялауға баспагерге ерекше құқық береді. Қолжазбаның журналдың тақырыптық бағытына сәйкестігі, сонымен қатар рәсімделу және техникалық талаптарға сәйкестігі тексеріледі.

Кейіннен қолжазбаның түпнұсқалығы плагиат жүйесі арқылы тексеріледі. Автоматты плагиатты тексеру нәтижелері бойынша толық электронды есеп алынады. Қанағаттанарлық нәтиже алмаған мақалалар (мақала түпнұсқалығының шекті пайызы 70%) одан әрі қарауға қабылданбайды және тиісті авторға хабарлама жіберіледі.

Кейіннен қолжазба рецензиялауға жіберіледі, ол авторлар туралы ақпаратты көрсетпей журналдың электронды платформасы арқылы құпия түрде жүзеге асырылады. Мақалаларды редакциялық алқа мүшелері, сонымен қатар шақырылған рецензенттер – Қазақстандағы және басқа елдердегі тиісті саланың жетекші сарапшылары қарастырады. Рецензенттер қолжазбаның негізгі ғылыми критерийлерге сәйкестігіне, оның сапасы мен маңыздылығына нақты, объективті және дәлелді баға беруі қажет. Журнал рецензияланатын қолжазба тақырыбы бойынша ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежелері және ғылыми мамандығы бар кемінде екі ғалымның «қосарланған соқыр» рецензиясын пайдаланады. Рецензенттердің қарау мерзімі 20 күнді құрайды, бірақ рецензенттің өтініші бойынша ұзартылуы мүмкін. Рецензент қолжазба материалдарын қабылдауға және интерпретациялауға әсер ететін айқын мүдделер қақтығысы болған жағдайда қараудан бас тартуға құқылы.

Тәуелсіз рецензенттен теріс пікір алған қолжазбаны редакциялық алқа қабылдамайды. Қайта қарауды қажет ететін мақала авторларға рецензенттер пікірлерімен бірге жіберіледі. Авторлар шолу барысында айтылған барлық ескертулерді ескеруі керек. Енгізілген барлық өзгертулер сары түспен көрсетіліп, автордың пікірге берген жауабы да қоса тіркелуі керек (жеке файлда). Мақаланы қайта қарау авторларға өзгертулер енгізу қажеттілігі туралы хат жіберілген сәттен бастап бір айдан аспауы керек. Автор өндеген мақала қайта қарауға жіберіледі. Авторлар материалдарды қайта қараудан бас тартқан жағдайда, мақаланы жариялаудан бас тартқаны туралы редакцияны жазбаша хабардар етуге міндетті. Егер авторлар рецензенттің пікірін алған күннен бастап 1 ай ішінде қолжазбаның түзетілген нұсқасын қайтармаса, редакция оны тізілімнен алып тастайды. Мұндай жағдайларда авторларға пысықтауға берілген мерзімнің аяқталуына байланысты қолжазбаны тіркеуден алып тастау туралы тиісті хабарлама жіберіледі.

Басылымға екі рецензент пен Бас редактордың оң пікірлері бар қолжазбалар ұсынылады. Егер рецензенттердің бірі қолжазбаға оң, екіншісі теріс пікір берсе, онда қолжазбаны бас редактор үшінші рецензентке немесе қолжазба тақырыбы бойынша сарапшы болып табылатын редакция алқасының мүшесіне жібереді. Үшінші рецензент немесе редакция алқасының мүшесінен оң қорытынды алынса, қолжазбаны басып шығаруға қабылдау/қабылдамау туралы түпкілікті шешімді Бас редактор қабылдайды. Редакциялық алқа мақұлдаған қолжазбалар Журналдың санын қалыптастыру үшін ұсынылады. Егер автор мен рецензенттер арасында қолжазбаға қатысты шешілмейтін келіспеушіліктер болса, редакция алқасы қолжазбаны қосымша қарауға жіберуге құқылы.

Даулы жағдайларда шешімді рецензенттердің ұсыныстарына сәйкес редакция алқасының отырысында бас редактор қабылдайды. Редакциялық алқаның шешімімен басылымға және қайта қарауға ұсынылмаған мақала қабылданбайды. Жарияланудан бас тарту туралы хабарлама авторға электрондық пошта арқылы жіберіледі.

Журналдың редакциялық алқасы мақаланы жариялауға қабылдау туралы шешім қабылдағаннан кейін, редакция бұл туралы авторға хабарлайды және жариялану мерзімін көрсетеді.

Оң пікірдің болуы мақаланы жариялау үшін жеткілікті негіз болып табылмайды. Жариялау туралы түпкілікті шешімді редакциялық алқа қабылдайды. Даулы жағдайларда шешімді бас редактор қабылдайды.

Түпнұсқалы шолулар журналдың редакциясында 5 жыл сақталады.

11. Жария ету саясаты және мүдделер қақтығысы

Ұсынылған қолжазбалардың жарияланбаған деректерін автордың жазбаша келісімінсіз жеке зерттеулерде пайдалануға болмайды. Әлеуетті пайдасы болуы мүмкін рецензиялау арқылы алынған ақпарат немесе идеялар құпия түрде сақталуы және жеке пайда үшін пайдаланылмауы керек.

Рецензенттер авторлардың, компаниялармен немесе ұсынылған жұмысқа байланысты басқа ұйымдармен бәсекелестік, бірлескен немесе басқа қарым-қатынастар немесе өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болған мүдделер қақтығысы болса, қолжазбаларды қарастырмауы керек.

Барлық мүдделі тұлғалар (авторлар, рецензенттер, редакторлар және журналдың редакциялық алқасының мүшелері) жариялаудың барлық кезеңдерінде кез келген өзгерістерде мүдделер қақтығысының туындауын мүмкіндігінше болдырмауға міндетті. Қандай да бір мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, бұл қақтығысты анықтаған адам дереу редакцияға хабарлауы керек. Жариялану және ғылыми этика қағидаттарын, стандарттарын және нормаларын кез келген басқа да бұзушылықтарға да солай.

Жоғарыда аталған авторлардың, редакторлардың және рецензенттердің этикалық мінез-құлық нормаларын бұзудың ықтимал жағдайлары Жарияланым этикасы жөніндегі комитеттің (Committee on Publication Ethics: COPE, Promoting integrity in scholarly research and its publication | COPE: Committee on Publication Ethics) ғылыми жарияланымдар этикасы қағидаттары туралы нұсқаулары негізінде шешілетін болады.

12. Бөтен жұмысты пайдалану және плагиат

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Биология ғылымдары сериясы» журналының редакциясына жіберілген барлық мақалалар плагиатты тәуелсіз орындау үшін автоматты түрде тексерудің лицензияланған жүйесі «Антиплагиат» <https://antiplagiat.enu.kz/> арқылы тексеріледі.

Басылымға қабылдау үшін мақаланың түпнұсқалығы кемінде 70% болуы керек. Егер мәтіннің түпнұсқалығы 65-69% аралығында болса, мақала авторға 70%-ға дейін жеткізу үшін тиісті негіздемемен пысықтауға жіберіледі. *Түпнұсқалығы 65%-дан төмен* мақалалар қабылданбайды.

Мақала авторлары толығымен түпнұсқа жұмысты ұсынғанына көз жеткізуі керек, басқа авторлардың жұмысын және/немесе дәйексөздерін пайдаланған жағдайда библиографиялық сілтемелер немесе үзінділер міндетті түрде көрсетілуі қажет. Автор өз ұйымы куәландырған ілеспе хатты ұсынады. Басқа авторлардың еңбектеріне дұрыс сілтеме жасау міндетті талап болып табылады. Авторлар ұсынылған жұмыстың сипатына шешуші әсер ететін басылымдарға сілтеме жасауы керек.

Бөтен жұмысты көптеп пайдалану анықталған жағдайда, редакция COPE ережелеріне сәйкес әрекет етеді.

13. Алдын ала және басып шығарудан кейінгі саясат

Журналға қолжазбаны тапсыру барысында автор берілген мақаланың жарияланбағанын немесе басқа ғылыми журналда жариялауға қабылданбағанын растауы қажет. Журналға қолжазбаны жіберген кезде авторлар редакцияны алдын ала басып шығару туралы, соның ішінде DOI және лицензиялау шарттары туралы хабардар етуі керек. Қолжазба жарияланғаннан кейін, автор алдын ала басып шығару бетінде жарияланған мақаланың DOI және URL сілтемелерінің жарияланымда пайда болуын қамтамасыз етуге жауапты.

14. Жариялау этикасы

Журнал редакциясы мақаланың автор(лар)ымен тікелей жұмыс істейді және делдал ұйымдармен ынтымақтастық жасамайды.

Редакция брокерлердің немесе өзге ұйымдардың сыртқы көмегін пайдаланбайды. Егер автор(лар) тарапынан осындай сыртқы көмек жүйесін пайдалануы анықталса:

1. Жарияланған мақалалар міндетті түрде кері қайтарылады (ретракция жасалады);
2. Қаралу үстіндегі мақала қайтарылады және оны қайта жіберуге құқық берілмейді.

Журналдың ғылыми басылымының редакциялық саясаты мен этикасы ғылыми мерзімді басылымның этикалық принциптеріне баса назар аударады, олар басылым этикасы комитетінің журнал редакторларына арналған ғылыми жарияланымдар этикасы нұсқаулығында көрсетілген (Committee on Publication Ethics: COPE: Committee on publication Ethics), ең бастысы, келесі талаптарды қамтиды:

Журналдың редакциялық саясаты мен ғылыми басылымдар этикасы негізінен келесі талаптарды қамтитын Басылым этикасы комитетінің (COPE: Басылым этикасы жөніндегі комитет) журнал редакторларына арналған этикалық басылымдар қағидаттары жөніндегі нұсқаулықта баяндалған ғылыми мерзімді басылымдардың этикалық принциптерін басшылыққа алады:

1. мақала болуы керек:

- тапсыру кезінде жарияланбаған немесе басқа басылымның карауында болмауы тиіс;

- түпнұсқалы зерттеу нәтижелерін қамтиды;

- автор(лар) жұмысының нәтижелері болады. Барлық авторлар осы журналда мақаланы жариялауға келіседі және мақалада авторлардың тізімделу ретіне қарсы емес екенін білдіреді;

- дәйексөз тізімінде тек зерттеу барысында нақты пайдаланылған рецензияланған дереккөздерді ғана қамтиды және барлық пайдаланылған дереккөздер көрсетіледі.

2. авторлар үшін:

Редакцияға қолжазбаны ұсыну арқылы автор(лар) ешкімнің авторлық құқығын немесе басылым этикасының қағидаларын бұзбайтынына кепілдік береді. Авторлар «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Биология ғылымдары сериясына» шектеусіз мерзімге ерекше құқықтар береді:

- көшірмелердің таралымын шектемей көшіру (жариялау, жария ету, көшірме жасау, тарату немесе басқа жолмен көбейту), мақаланы кез келген жолмен тарату құқығы. Мақаланың әрбір данасында мақаланың автор(лар)ының аты-жөні көрсетілуі керек;

- құрама мақалаға енгізу құқығы;

- жұртшылыққа хабарлау құқығы;

- мақаланың метадеректерін (атауы, автор(лар)дың аты-жөні (авторлық құқық иеленушінің), тезистер, библиографиялық материалдар, мақаланың толық мәтіні және т.б.) тарату және көпшілікке қолжетімді ету, өңдеу және жүйелеу, сондай-ақ оны әр түрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерге, оның ішінде жарияланған мақаланың толық мәтіндік нұсқаларына енгізу арқылы пайдалану құқығы.

Мақалаға құқықтарды пайдалануға рұқсат етілген аумақ шектелмейді. Автор(лар) қолжазбаның журналда жариялауға қабылданғаннан кейін ашық қолжетімді форматта мақаланы журналдың сайтында орналастыруға және жарияланған мақаламен бірге журналдың баспа нөмірін кітапханаларда және басқа ұйымдарда және/немесе мекемелерде таратуға қарсылық білдірмейді.

Сондай-ақ автор(лар) журналдың баспасына өзінің жеке деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, білімі, жұмыс орны және атқаратын қызметі туралы мәліметтер) шектеусіз сақтау және өңдеу құқығын береді. Дербес деректер оларды әртүрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерде сақтау және өңдеу, аналитикалық және статистикалық есептерге

енгізу, ғылым, әдебиет және өнер туындылары объектілерінің дербес деректермен негізделген байланыстарын құруға және т.б. пайдаланады.

Ғылыми мақалада зияткерлік меншік объектілерін және авторлық құқық объектілерін рұқсатсыз пайдаланғаны үшін автор(лар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес толық жауапкершілікте болады.

Автор(лар) журналдың баспасына қолжазбаны плагиатқа және басылым этикасын бұзудың басқа белгілеріне тексеруге келісім береді.

Автор(лар) редакция алқасына қолжазбаны оның негізгі ережелерін өзгертпей ғылыми және әдеби редакциялауды өз бетінше жүзеге асыруға, қолжазбаны қарап шығуға және қажетті түзетулер немесе өзгерістер енгізуді ұсынуға рұқсат береді, бұл ретте қолжазба автор(лар) қажетті түзетулер мен өзгертулер енгізгеннен кейін ғана жарияланады.

Автор(лар) редакциялық алқаның қолжазбаның рәсімделуі мен мазмұны журнал талаптарына сәйкес келмесе немесе нормативтік құқықтық актілерде және/немесе өзге де ресми мемлекеттік құжаттарда белгіленген ақпаратты жариялауға тыйым салу жағдайында немесе қолжазбада ғылыми және/немесе басылым этикасы қағидаттарының бұзылуына байланысты, оны жариялаудан бас тарту құқығын мойындайды.

Автор(лар) басқа ғалымдармен немесе журналдың редакциялық алқасының мүшелерімен мүдделер қақтығысы жоқ/болмайтынын мәлімдейді. (Мүдделер қақтығысы болған жағдайда автор(лар)ның қолжазбаға объективті баға беруіне кедергі болатын нақты себептерді көрсету және автор(лар)дың пікірі бойынша қолжазбаға объективті баға бере алмайтын ғалымдардың толық аты-жөнін көрсету қажет).

Автор(лар) журнал туралы жалпы ақпаратты, мақалаларды қарау тәртібін, авторларға арналған нұсқауларды және жариялау этикасын қамтитын журналдың редакциялық саясатын оқығанын мәлімдейді.

3. рецензенттер үшін:

Жарияланған мақалалардың сапасын қамтамасыз ету үшін журналда екі жақты «соқыр» рецензиялау (рецензент қолжазба авторларын білмейді, қолжазба авторлары рецензенттерді білмейді) пайдаланылады. Қолжазбалар бағалануы үшін екі рецензентке жіберіледі.

Құқықтар:

- рецензияға ұсынылған қолжазбаның аңдатпасын сұрау;
- аңдатпаны оқығаннан кейін де, қолжазбаның толық анонимді мәтінімен танысқаннан кейін де мақалаға сараптамалық бағалау жүргізуден бас тарту;
- егер рецензент материал тақырыбы бойынша маман болмаса, бұл туралы редакцияға хабарлай отырып, қолжазбаны қараудан бас тартуға.

Жауапкершіліктер:

- алынған қолжазбаны құпия құжат ретінде қарастыру;
- алынған материалға объективті және дәлелді баға беру;
- пайдасы болуы мүмкін ақпараттың немесе идеялардың құпиялығын сақтау;
- мүдделер қақтығысы болған жағдайда қолжазбаларды қарауға қатыспау;
- ұсынылған қолжазбадағы кез келген материалдарды өзінің жарияланымдарында пайдаланбау.

4. бас редактор үшін:

Құқықтар:

- редакциялық алқаның жұмысын жақсартуға бағытталған ұсыныстар енгізу;
- ұйым директорының және редакциялық-баспа бөлімі басшысының қызметіне қатысты шешімдерінің жобаларымен танысу;
- өз құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша редакцияның күнделікті қызметін қамтамасыз ету бойынша шешімдер қабылдау;
- редакциялық алқаны ұйымдастыруға қатысты мәселелерді қарау кезінде алқалы басқару органдарының жұмысына қатысу.

Жауапкершіліктер:

- басылымды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу;
- барлық редакция қызметкерлерінің жұмысын басқару;
- басылым авторлары дайындаған мақалаларды редакциялау;
- қолжазбаларды өңдеуге және қарауға жіберу;
- материалдарды басып шығаруға дайындау;
- редакциялық жұмыс бойынша есептер жазу.

Редакциялық алқа мүшелері міндетті:

- журналдың редакциялық алқасының отырыстарына қатысу, мақала бойынша рецензенттер шешімімен келісу/келіспеу туралы өз шешімін айту, журнал нөмірлерінің мазмұнын анықтау бойынша шешім қабылдау;

- автордың/авторлар ұжымының, ұлтына, дініне және басқа да жеке қасиеттеріне қарамастан қолжазбалардың мазмұнын бағалау;

- қолжазбамен жұмыс істеуге қатысатын редакторлар, рецензенттер және басқа қызметкерлердің басып шығаруға жіберілген материалдарды өзінің жұмысына пайдаланбау;

- мүдделер қақтығысы болған жағдайда жариялауға ұсынылған материалдарды қараудан бас тартуға, сондай-ақ автордан мүдделер қақтығысының бар екендігі туралы ақпарат беруді талап етуге.

Жарияланған мақалаларда өрескел қателер (формулалардағы, техникалық себептер бойынша көрсеткіштердегі қателер) анықталған жағдайда, түзетулер туралы ақпарат келесі нөмірлерде орналастырылуы мүмкін.

5. Дискриминацияға жол берілмейді

Журнал редакциясы теңдік пен жеке тұлғаға құрмет қағидаттарын басшылыққа алады.

Мақалаларда нәсіліне, ұлтына, тіліне, жынысына, жасына, дініне, саяси көзқарасына, әлеуметтік шығу тегіне немесе өзге де мәртебесіне қарай кемсітушілік сипаттағы пікірлер мен материалдарға жол берілмейді. Барлық қолжазбалар тек ғылыми сапасы, зерттеу өзектілігі және Журнал тақырыбына сәйкестігі тұрғысынан қаралады, авторлардың жеке ерекшеліктеріне тәуелсіз бағаланады.

15. Мақалаларды кері қайтару (ретракциялау)

Журнал редакциясы халықаралық жарияланым этикасының стандарттарын, атап айтқанда Committee on Publication Ethics (COPE) ұсынымдарын басшылыққа алады.

Мақаланы ретракциялау - академиялық адалдықтың елеулі бұзушылықтары анықталған жағдайларда қолданылатын ресми рәсім. Олара мыналар жатады:

- плагиат, деректерді қолдан жасау немесе бұрмалау;
- зерттеу идеялары мен нәтижелерін адал емес жолмен иемдену;
- авторлыққа манипуляция жасау немесе авторлар туралы ақпаратты жасыру;
- адал дәйексөз беру қағидаттарын бұзу;
- өзге де этикалық тәртіпбұзушылықтар.

Осындай жағдайларда жарияланған мақала ретракцияланады:

- журналдың электрондық және баспа нұсқаларында ретракция туралы хабарлама жарияланады;
- мақаланың метадеректерінде себептері көрсетіле отырып «РЕТРАКЦИЯЛАНДЫ» деген белгі қойылады;
- мақала сенімсіз дереккөз ретінде ғылыми айналымнан шығарылады.

Автор тарапынан жариялау үшін төленген барлық төлемдер қайтарылмайды.

Ретракцияның мақсаты – ғылыми адалдықты сақтау, авторлық құқықты қорғау және ғылыми қауымдастықтың жарияланған материалдарға деген сенімін нығайту.

16. Жасанды интеллектті ғылыми мақалаларда қолдану ережелері

Редакция алқасы 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрыққа (2025 жылғы 6 қаңтардағы №4 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен) сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №1 қосымшасының 5-тармағында көзделген қағидаттарды басшылыққа ала отырып, ғылыми жарияланымдарда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын пайдалану жөніндегі өз ұстанымын айқындайды.

Заң ғылымдарының ерекшеліктерін және академиялық адалдық қағидаттарын ескере отырып, Редакция жауапты, этикалық және ашық ЖИ технологияларын пайдалану саясатын ұстанады.

Редакция ЖИ технологияларын тек көмекші мақсаттарда қолдануға рұқсат береді және төмендегі талаптардың қатаң сақталуын талап етеді:

1. Авторлар ЖИ технологиялары арқылы алынған ақпараттың дұрыстығы, қауіпсіздігі және этикалық тұрғыдан пайдаланылуы үшін жауапты болады.

2. Зерттеу нәтижелері, қорытындылары мен ұсынымдары авторлар тарапынан өз бетінше, ЖИ-дің ықпалынсыз тұжырымдалуы тиіс.

3. Авторлар ЖИ қолданылған жағдайда оны ашық көрсетуге міндетті:

- технология қай кезеңде және қандай мақсатпен қолданылғаны;

- алынған деректердің нақтылығы мен түсіндірмесін қалай тексергенін;

- технология туралы мәліметтерді: атауы, әзірлеушісі (күкық иесі), нұсқасы, жүгіну және пайдалану күні.

Дереккөзге сілтеме үлгісі:

OpenAI (2023) *ChatGPT (генеративті жасанды интеллект интерфейсі)*. Қолжетімді: <https://chat.openai.com/chat> (Қаралған күні: 2025 жылғы 1 маусым).

4. ЖИ технологияларын қолдану туралы мәліметтің болмауы – олардың пайдаланылмағанының дәлелі ретінде қарастырылады.

5. ЖИ тек статистикалық деректерді өңдеу үшін (сауалнамалар, тесттер, зерттеу нәтижелері және т.б.) қолданылуы мүмкін.

Редакция келесі жағдайларда ЖИ технологияларын пайдалануға тыйым салады:

1. мақаланың кез келген бөлімін (аннотация, кіріспе, әдебиетке шолу, әдістеме, нәтижелер, талқылау, қорытынды, әдебиеттер тізімі) генерациялау үшін;

2. технология туралы мәліметтерді (атауы, нұсқасы, иесі, жүгіну күні) ашпай қолдану кезінде.

3. плагиатты анықтау жүйелерін айналып өту немесе плагиатты жасыру мақсатында;

4. өзге авторлардың мәтіндері мен идеяларын бұрмалап, иемдену мақсатында;

5. 13 жасқа дейінгі балалар қатысатын зерттеулерде, этикалық шектеулерге және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау қажеттілігіне байланысты;

6. нақты зерттеу жүргізбестен жалған эксперименттік деректер жасау үшін.

Редакция ЖИ технологияларын пайдалану ашық, шектеулі және академиялық этика қағидаттарына сәйкес болуы тиіс екенін атап өтеді. Бұл ереже авторлық еңбектің сақталуын және жарияланымның ғылыми сенімділігін қамтамасыз етеді.

17. Редакцияның мекен-жайы:

010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаева көш, 2. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, оқу-әкімшілік ғимараты. +7 771 909 03 80, eurjourbio@enu.kz

18. Басылым үшін төлемақы

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Биология ғылымдары сериясы» журналында мақала жариялау үшін төлем жарияланған кезде қолданыстағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің басқа ақылы қызметтерінің баға тізіміне сәйкес жүзеге асырылады.

Реквизиттер:

КеАҚ "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" БИН 010140003594

1) АҚ "Банк ЦентрКредит"

БИК Банка: KСJBKZKX

ИИК: K2978562203105747338

Кбе 16

Кнп 859 – мақала үшін

2) АО «Bank RBK»

БИК Банка: KINCKZKA

ИИК: K7498210439858161073

Кбе 16

Кип 859 – мақала үшін

3) **Kaspi.kz** > Төлемдер > Білім беру > Қосымша білім беру > Мекемені таңдаңыз (ЕҰУ хабаршысы)

1. Автордың толық аты-жөні

2. Автордың ЖСН

3. Журнал сериясын таңдаңыз (тізімнен)

4. Сомасы

19. Лицензиялау

«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Биология ғылымдары сериясы» Creative Commons Attribution-NonCommercial 4.0 International (CC BY-NC 4.0) лицензиясы бойынша мазмұнына бірден ашық қолжетімділікті қамтамасыз ететін ғылыми журнал. Авторлар өздерінің авторлық құқықтарын сақтайды және жұмыстың авторы осы журналды көрсетіп және сілтеме берген жағдайда материалды еркін көшіруге және таратуға мүмкіндігі бар.

Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

ІЛЕСПЕ ХАТ

Осы хатпен авторлар АВТОР(ЛАР) АТЫ-жөні «МАҚАЛА ТАҚЫРЫБЫ» (Туынды) ғылыми мақаласының ешкімнің авторлық құқығын бұзбай «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Биология ғылымдары сериясы» журналында жариялануына кепілдік береді. Авторлар журналды шығарушы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне шексіз құқығы бар келесі құжаттарды ұсынады:

- көшірмелердің таралымын шектемей туындыны қайта шығару құқығы (Туындыны жариялау, көшіру, тарату немесе өзге де қайта шығарулар), Туындыны кез келген жолмен тарату құқығы. Бұл ретте жұмыстың әрбір данасында Туындының автор(лар)ының аты-жөні көрсетілуі тиіс;

- құрама туындыға қосу құқығы;

- жұртшылыққа хабарлау құқығы;

- Туындының метадеректерін (атауы, автордың (авторлық құқық иеленушінің) аты-жөні), аңдатпаларды, библиографиялық материалдарды, Туындының толық мәтінін және т.б. тарату және көпшілікке қолжетімді ету, өңдеу және жүйелеу, сондай-ақ оны әр түрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерге, оның ішінде жарияланған Туындының толық мәтіндік нұсқаларына енгізу арқылы пайдалану құқығы.

Туындыларға құқықтарды пайдалануға рұқсат етілген аумақ шектелмейді.

Автор(лар) журналдың баспасына өзінің жеке деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, білімі, жұмыс орны және атқаратын лауазымы) шектеусіз сақтау және өңдеу құқығын береді. Дербес деректер оларды әртүрлі дерекқорлар мен ақпараттық жүйелерде сақтау және өңдеу, аналитикалық және статистикалық есептерге енгізу, ғылым, әдебиет және өнер туындылары объектілерінің дербес деректермен негізделген байланыстарын құру және т.б. үшін беріледі.

Автор(лар) зияткерлік меншік объектілерін және ғылыми мақаладағы авторлық құқық объектілерін рұқсатсыз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес толық жауапкершілікте болады.

Осы хатпен *автор(лар)* журналды шығарушының Туындыны плагиатқа тексеруіне келісімін береді.

Автор(лар) ұсынылған Туындының бұрын еш жерде жарияланбағанын, ұсынылмағанын және басқа ғылыми журналдарға жариялауға ұсынылмайтынын растайды.

Орындаушы: Автор(лар)дың толық аты-жөні

**Ілеспе хат ұйымның ресми бланкісінде ресімделеді және ұйым басшысы қол қояды (ЖОО үшін – ғылыми жұмыстар жөніндегі әсетекші проректор).*

*** Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қызметкерлері болып табылатын авторлардың ілеспе хатын факультет деканы куәландырады.*

Рецензенттер

Авторлардан тәуелсіз 3 рецензент-ғалымдарды ұсынуды сұраймыз. Мұны ескеру маңызды:

- Ғылыми дәрежесінің болуы (ғылым докторы, кандидаты немесе PhD докторы).
- Web of Science және/немесе Scopus сәйкес Хирш индексі кемінде 2.
- Маманның соңғы бес жыл ішінде Web of Science және/немесе Scopus дерекқорларында жарияланған осы саладағы жарияланымдары болғаны абзал.
- Қолжазба жазылған тілді білуі шарт.

Мысалы:

Лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғалымның аты-жөні, h-индексі	Жұмыс орны (ұйым атауы, қаласы, мемлекеті)	Эл. почта
Профессор, б.ғ.д., Оспанов Асан, h-index 45	Биология институты, Астана, Қазақстан	ospanov@kib.kz
Доцент, б.ғ.к., Эмилия Райт, h-index 32	Геномдық зерттеулер орталығы, Оксфорд, Ұлыбритания	e.r.wright@ssgenomics.ox.ac.uk
Аға ғылыми қызметкер, б.ғ.д., Чжан Вэй, h-index 38	Биотехнология институты, Пекин, Қытай	z.wei@newbiotech.ac.cn